

БЕКІТЕМІН

Батыс Қазақстан инновациялық-  
технологиялық университетінің  
ректоры



**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің  
имиджін арттыру және корпоративтік беделін нығайту жөніндегі  
АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ**

Орал, 2024

## Мазмұны

1. Кіріспе
2. Ақпараттық саясаттың мақсаты
3. Ақпараттық саясаттың негізгі принциптері мен міндеттері
4. Стейкхолдерлермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынас
5. Ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыру
6. Ақпараттық саясаттың орындалуы

Даярланды: «26» 08 2024 ж. Муханбеткалиев А.С. 	Келісілді: Машанова С.А. 	Енгізілді: «2» 09 2024 ж. Қайта қарау: «2» 09 2027 ж.
---	---	--

## 1. Кіріспе

1.1 Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің (БҚИТУ) имиджін арттыру және корпоративтік беделін нығайту жөніндегі ақпараттық саясат БҚИТУ-ды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы негізінде әзірленді және БҚИТУ-дың имиджін және корпоративтік беделін арттыру жөніндегі негізгі бағыттарды білдіреді.

1.2 Университеттің ақпараттық саясаты қызметкерлер, студенттер мен магистранттар, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) және жалпы қоғам алдында ашылуы тиіс ақпарат пен құжаттардың тізбесін айқындайды, университет қызметі туралы ақпаратты, құжаттарды ұсыну тәсілін белгілейді және шеңберін регламенттейді.

1.3 Осы Саясатта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

*Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)* - мерзімді баспасөз басылымы. теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың өзге де нысаны.

*Ақпараттық саясат* - сыртқы және ішкі коммуникацияларды жүзеге асыру саласында университеттің тұтас ұстанымдарының жиынтығы.

*Негізділік* - барынша экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ете алатын персоналды басқару саласындағы заманауи ғылыми әзірлемелерді пайдалану.

*Мақсатты аудитория* - университет қызметіне әсер ететін коммуникация аудиториялары. Мақсатты аудитория ретінде тұтынушылар да, ақпарат көздері де бола алады.

*Университет сайты* - стейкхолдерлер мен қалың жұртшылықты университет қызметі және білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

*Университеттің беделі* - ұзақ уақыт бойы мақсатты аудиторияларда қалыптасатын университеттің іс-әрекеті мен бейнесінің динамикалық сипаттамасы.

*Уәкілетті қызметкерлер* - ректор, проректорлар және университет ректоры бекіткен, университет қызметі туралы ақпаратқа түсінік бере алатын басқа да тұлғалар.

*Спикерлер пулы* - оқытушылар, университет атынан көпшілік іс-шараларда сөз сөйлеуге, БАҚ-та түсіндірмелерді жариялауға құқығы бар қызметкерлер.

1.4 Осы Саясаттың күші бүкіл университетке таралады.

1.5 Ақпараттық саясат оны іске асырудың қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

1.6 Осы Саясат келесі құжаттар негізінде әзірленген:

- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі №451- I ҚР Заңы;

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР 16.112015 №401-V Заңы.

1.7 Осы саясаттың іске асырылуын бақылау БҚИТУ Баспасөз хатшысына жүктеледі.

## 2. Ақпараттық саясаттың мақсаты

2.1 Ақпараттық саясаттың негізгі мақсаты университет қызметінің транспаренттігі мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2 Мүдделі тұлғалардың ақпаратқа құқықтарын іске асыру, сондай-ақ ақпараттың жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында БҚИТУ келесі хабарлау тәсілдерін пайдаланады:

- құжаттық ақпаратты беру;
- электронды тасымалдаушылар негізінде ақпарат ұсыну;
- БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты ашу;
- БҚИТУ-дың ресми сайтында жариялау арқылы ақпарат беру;
- баспасөз конференциялары, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер барысында ақпараттандыру.

## 3. Ақпараттық саясаттың негізгі қағидаттары мен міндеттері

3.1 БҚИТУ өз қызметінде ашықтық және сындарлы диалог қағидаттарын ұстанады, университеттің стратегиясы мен даму жоспарлары туралы, сондай-ақ ағымдағы университет жаңалықтары туралы ақпараттың толықтығы мен жеделдігін қамтамасыз етеді, сенімді

ақпаратқа қоғамдық қажеттілікті барынша толық қанағаттандыруға ұмтылады.

3.2 Университеттің ақпараттық саясаты келесі принциптерге негізделген:

*Ашықтық* - университеттің маңызды іс-шараларын кеңінен жария ету және оларды БАҚ-ты пайдалана отырып, қоғамдық талқылау, қоғамдық пікірді ескеру. Көзі нашар көретін адамдар үшін университеттің ақпараттық порталына қол жеткізу мүмкіндігін технологиялық қамтамасыз ету. Барлық мүдделі тұлғалардың объективті ақпарат алу мен оған қол жеткізудегі құқықтарының теңдігі қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында университетте журналистердің жұмысы үшін жағдай жасау.

*Қолжетімділік* - БАҚ өкілдері мен қоғамның университет қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету. Ақпарат жинау мен өңдеуден кейін бірден қол жетімді болуы керек. Басымдықта - қоғамдық маңызды және өзекті деректер. БАҚ-та жарияланатын ақпарат архивтерде тұрақты түрде қолжетімді болуға тиіс.

*Шынайылық*, БАҚ пен халық үшін шындыққа сәйкес келетін және фактіні немесе оқиғаны ашу мақсатында талап етілетін толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпаратты ұсыну.

Университет қызметі туралы ақпаратты ұсыну немесе бұрмалау үшін *жауапкершілік*.

*Жүйелілік* - БАҚ-қа арналған ақпараттық хабарламалардың бағытталған ағыны жолымен, сондай-ақ сыртқы және ішкі БАҚ журналистерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету арқылы аудиторияның түрлі нысаналы топтарын университет қызметі туралы тұрақты түрде хабардар ету.

3.3 Университет қызметі туралы құжаттарға, материалдарға және ақпаратқа қол жеткізу орны БҚИТУ-дың ресми сайты болып табылады.

Ақпараттық саясаттың негізгі міндеттері:

- университеттің оң имиджін қалыптастыру және корпоративтік беделін нығайту;
- университеттің қоғамдағы рөлін арттыру мақсатында БҚИТУ-дың корпоративтік құндылықтары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру;
- ұжымда ортақ мақсаттар мен қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру, корпоративтік жаңалықтарды талқылау, университет қызметкерлері мен студенттеріне түрлі қызмет салаларында іске асырылып жатқан бағдарламалар туралы, дайындалып жатқан және қабылданған шешімдер туралы қажетті ақпаратпен жеткізу;
- университет қызметінің түрлі бағыттарын (басқару, білім беру, ғылыми, халықаралық, тәрбие және әлеуметтік) БАҚ жүйесінің жөнге салынған жұмысы арқылы жедел, жүйелі және сенімді ақпараттық қамтамасыз ету;
- университеттің беделін қорғау.

#### **4. Стейкхолдерлермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынас**

4.1 БҚИТУ-дың Батыс Қазақстан облысының ғылыми-білім беру және мәдени орталығы ретіндегі идеясы бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет желісінде қалыптасады. Бұл тұрғыда қалалық, облыстық және республикалық БАҚ тұрақты ақпараттық өзара іс-қимыл ұйымдастырылады: «24.kz», «Хабар», «Еуразия», «Астана», «Ақжайық», «ТДК-42» телеарналармен; «Литер», «Экспресс К», «Орал өңірі», «Мой город» газеттерімен; ақпараттық агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасайды.

4.2 БҚИТУ әлеуметтік желілерде белсенді ақпаратты таратады және қоғамның назарын университеттің қызметіне аударады. БҚИТУ ресми деңгейде төменде көрсетілген әлеуметтік желілерде ұсынылған:

- Instagram:

[https://www.instagram.com/bqitu\\_bilimmanagementinstitute?igsh=MXVqZDRnemhlOWh0NA%3D%3D&utm\\_source=qr](https://www.instagram.com/bqitu_bilimmanagementinstitute?igsh=MXVqZDRnemhlOWh0NA%3D%3D&utm_source=qr),

[https://www.instagram.com/zkitu\\_zko](https://www.instagram.com/zkitu_zko)

- Facebook:

<https://www.facebook.com/people/%D0%97%D0%BA%D0%B8%D1%82%D1%83->

[%D0%97%D0%BA%D0%B8%D1%82%D1%83/pfbid0dD5gSgWJC1MzKbBP1uiE3EmUkKSkjA79fevdhDVdhSfGqPDjTQuKr7sGCqkuzxtVl/?mibextid=LQQJ4d, https://www.facebook.com/zkitu2000/](https://www.facebook.com/zkitu2000/)

- Университеттің youtube арналары:

<https://www.youtube.com/channel/UCvVxuGBdcxmVDtF9WxvWvGA>

<https://www.youtube.com/@ZKITUofficial>

Университетте өткізілген іс-шараларды жариялау үшін институттарда қоғаммен байланысқа жауаптылар университет сайтына қысқаша мәліметтер ұсынады. Өткізілген іс-шаралар туралы жаңалықтар университеттің ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

4.3 БҚИТУ ақпараттық саясат қағидаттарына сәйкес БАҚ өкілдерімен белсенді өзара іс-қимыл жасайды:

- БҚИТУ-да болып жатқан барлық маңызды оқиғалар туралы баспасөз хабарламаларын таратады;
- университет басшылығымен баспасөз конференциялары мен кездесулер өткізеді;
- БАҚ өкілдерінің барлық жазбаша және ауызша сұрауларына жедел және құзыретті жауаптар береді;
- мақсатты аудиториямен байланысты кеңейту бағытында конференцияларға, семинарларға және өзге де көпшілік іс-шараларға катысады.

## **5. Ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыру**

5.1 Университет интернет желісінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ресми сайтты қолдайды.

5.2 БҚИТУ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты міндетті түрде жариялауды жүзеге асырады. Сайтта "Университет", "Білім беру", "Талапкерлерге", "Ғылым және ынтымақтастық", "Тәрбие жұмысы", "Қолдау қызметтері" және т. б. негізгі бөлімдер құрылады және жедел толтырылады.

5.3 БҚИТУ сайтының құрылымы мен мазмұны білім беру сапасына қойылатын халықаралық талаптарды және олардың университет қызметінде жүзеге асырылуын көрсетуге арналған.

5.4 Университет порталындағы ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

- университет, құрылымдық бөлімшелер басшыларымен байланыс жасау туралы жалпы ақпарат;
- халықаралық ынтымақтастық, ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық, білім беру бағдарламалары, ғылыми және халықаралық қызмет, әлеуметтік және тәрбие жұмысы туралы ақпарат;
- статистикалық және аналитикалық деректер;
- білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер;
- білім беру порталына, электрондық кітапханаға, ресми сайттарға, серіктестік ұйымдардың сайттарына сілтемелер;
- байланыс ақпараты;
- жоғары оқу орны басшысының блогы;
- жаңалықтар таспасы (лентасы);
- ғылыми конференциялар, семинарлар, ресми сапарлар жоспарлары;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі туралы ақпарат;
- ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын институционалдық және бағдарламалық аккредиттеуге арналған ақпараттық блок;
- конкурстар, тендерлер өткізу туралы ақпарат;
- жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі;
- университет басшылығы мен алқалы органдарының құжаттары;

- стейкхолдерлердің сауалнамалары туралы деректер және т.б.;
- «Сұрақ-жауап» сервисінің болуы және т.б.

5.5 БҚИТУ-дың ресми сайтында ақпаратты орналастыруға, тиісті бөлімдерді уақтылы және жедел жаңартуға университеттің баспасөз хатшысы жауапты болып табылады.

5.6 Ресми сайтта қамтылған мәліметтерді жаңарту үшін қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну үшін жауапкершілік институттар директорларына, кафедралар меңгерушілеріне, бөлімше басшыларына жүктеледі.

## **6. Ақпараттық саясаттың орындалуы**

6.1 БАҚ арқылы ашуға рұқсат етілген ақпараттың көлемін университет басшылығымен келісім бойынша жауапты проректор белгілейді және БҚИТУ-дың ағымдағы қызметіне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

6.2 Университет атынан БАҚ-қа ұсынылатын ақпарат университет басшылығының ресми ұстанымына сәйкес келуі тиіс. Университеттің уәкілетті қызметкерлері, спикерлер пулы, жұмыс істеп жүрген қызметкерлері корпоративтік этика ережелеріне сүйене отырып, бұқаралық кеңістікке - БАҚ-қа, әлеуметтік желілерге және т.б. университет қызметі туралы жеке бағаларын, комментарийлерін, пікірлерін ұсынуға құқылы емес.

6.3 Ақпарат беру, негізсіз болжамдарға түсінік беру және т.б. туралы сұрау салулар келіп түскен жағдайда, университеттің уәкілетті қызметкерлері талдайды және спикерлерге ұсынымдар береді. Нақты ақпараттық себептер бойынша ұсыныстар әзірленгенге дейін университет қызметкерлері түсініктемелерден бас тартуға міндетті.

6.4 Уәкілетті қызметкерлер университет туралы жалған ақпаратты, әсіресе оны тарату БҚИТУ-ға залал келтіруі мүмкін болған кезде теріске шығару үшін барлық қажетті шараларды қолдануға тиіс.

6.5 Университеттің ақпараттық саясатын бұзғаны үшін университет қызметкерлеріне келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

- университеттің тәртіптік кеңесінде талқылау;
- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 143-бабы бойынша теріске шығаруды сот тәртібімен талап етуге құқығы.